

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
«КАЗГЮУ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ



Пробация қызметі

Астана 2018

Пробация дегеніміз не ?

- Пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған **бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы** қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі.

Мақсаты

күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу;

сотталған адамды әлеуметке қосу

босатылған адамды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету


Міндеттері

пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;


бас бостандығынан айырумен **байланысты емес** жазалардың заңмен айқындалған түрлерін орындау

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға **бақылау** жасауды жүзеге асыру

Пробацияның негізгі қағидаттары



Пробацияны жүзеге асыру нысандары



пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың **өздеріне заң мен сот жүктеген міндеттерді орындауына** бақылауды жүзеге асыру бойынша пробация қызметінің және полицияның жұмысын білдіреді.

пробация қолданылатын адамдарды **әлеуметке қосуға, әлеуметтік бейімдеуге және оналтуға бағытталған шаралар кешені.**

Пробация түрлері

- **Сотқа дейінгі пробация** – күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеуге бағытталған шаралар жиынтығы;
- **Үкімдік пробация** – бас бостандығын шектеуге сотталған, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу шаралар жиынтығы;
- **Пенитенциарлық пробация** – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды **әлеуметке қосу** жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;
- **Пенитенциарлықтан кейінгі пробация** – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу шаралар жиынтығы

Назарларыңызға рақмет